

Егер сынып қате құрылған болса, мектеп көрсеткіштеріне әсер етпеуі және kundelik.kz сыныптарымен әкімшінің жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі үшін оны жүйеден алып тастау қажет.

Сыныпты жою келесі пайданушыларға қолжетімді:

- «Сыныптар» блогына толық қолжетімділігі бар редактор;
- әкімші.

Сыныпты жою үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміндегі -> «Сыныптар тізімі» пунктіне өту;
- өшіру қажет сыныпты таңдау (сынып сұр түсті болып тұрса да);
- сыныпқа қатысты ақпараттың бар-жоғын тексеру:
 - оқушылар;
 - сабақ кестесі;
 - КТЖ (Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау)
- «Қарап шығу» қойындысында «Жою» батырмасын басып, жоюды растау қажет.

Сыныпқа қатысты ақпаратты жою

Оқушылар. Сыныпта оқушылар болмауы қажет, сондықтан оларды мектептен шығару немесе басқа сыныпқа ауыстыру қажет.

Бұл үшін:

- «Әкімшілік ету» бөлімінде -> «Сыныптар тізімі» арқылы сынып парақшасына өту;
- «Оқушылар» қойындысына өтіп, оқушының жанындағы «қарындаш» батырмасына басу (сиппталған қадамдар сыныптағы барлық оқушыларға орындалу керек);
- оқушылармен не істеу керектігін таңдау:
 - басқа сыныпқа ауыстыру;
 - мектептен шығару.
- оқушыны сыныптан шығарып тастау қажет.

Толығырақ келесі сілтемеде сиппталған: [Пайдаланушыны қалай мектептен шығаруға / жоюға және «Мұрағатқа» өткізуге болады?](#)

Сабақ кестесі. Сабақ кестесін жою сабаққа қатысты барлық деректерді жоюды қамтиды: сабақ туралы жалпы ақпарат, бағалар, қатысу белгілері, үй тапсырмасы және пікірлер.

Кестені тазарту үшін:

- қажетті сыныптың кестесіне өту;
- «Толық кезең бойынша» батырмасын таңдау;
- «Тазарту» батырмасына басу;
- жоюды растау қажет.

Растау сұрауында кестені және онымен байланысты деректерді жою үшін жеке құпиясөзді енгізу қажет. Бұл қауіпсіздік мақсатында және осы кестенің сабақтарына бағалар, қатысу белгілері, түсініктемелер, үй тапсырмалары қосылмаған жағдайда ғана қажет.

Кезең бойынша кестені тазарту

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сіз кестеден 33 сабақ есептік кезеңнен жойғалы тұрсыз. Сабақтармен бірге келесілер жойылатын болады:

- 0 баға
- 0 үй тапсырма
- 0 сабақта болғаны туралы белгі

Қауіпсіздік мақсатында және осы әрекетті растау үшін құпиясөзіңізді енгізіңіз:

Құпиясөз

Тазарту

Бас тарту

Ескерту: егер өткен кезеңдегі кестеде онымен байланысты ақпарат (сабақтар, бағалар, белгілер, сабақ тақырыптары және үй тапсырмалары) болса, онда кестені тек ресми сұрау бойынша ғана Қолдау қызметінің қызметкерлері жоя алады.

Маңызды: Қолдау қызметінің қызметкерлері арқылы кестені алып тастағанда, осы кестеге қатысты барлық ақпарат (сабақтар, бағалар, белгілер, сабақ тақырыптары және үй тапсырмалары) **жүйеден біржола жойылады.**

КТЖ. КТЖ-ны (Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау) өшіру үшін:

- «КТЖ» бөліміне өту -> сыныпты таңдау -> пәнді таңдау;
- КТЖ бетінде «**Жариялаудан алып тастау**» батырмасын басу қажет. Жариялаудан алынған КТЖ бастаулық күйіне оралады. КТЖ-ны тек **бастаулық күйінде жоюға болады;**
- КТЖ негізгі бетіне қайта өтіп, «Жою» батырмасын басу (крест белгішесі);
- жоюды растау қажет.

Сыныпқа қатысты барлық ақпарат жойылғаннан кейін, сыныпты жүйеден алып тастауға болады.

Бұл үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміндегі -> «Сыныптар тізімі» пунктіне өту;
- «Қарап шығу» қойындысында «Жою» батырмасына басу қажет;

Сынып параметрлері: 3-ә

2021/2022 оқу жылы

Қарап шығу | Өңдеу | Оқушылар | Оқу топтары | Логотип | Білім беру бағдарламалары

Сынып деректері

Сынып коды	3-ә	Сынып парақшасы
Атауы	-	
Ауысым	Первая смена	
Ең үлкен топтасу, адам	20	
Сынып типі	Жалпы білім беру	
Оқу тілі	Қазақ	
Параллель	3	
Оқу жылы	2021/2022	
Журнал түрі	Жиынтық бағалау журналы	
Есептік кезең	Отчетный период для 0-1 классов	
Қоңыраулар кестесі	Негізгі қоңырау кестесі	
Бірінші сабақ №	1	
Оқушылар	5	
Жасау күні	11 тамыз 2021	

Өңдеу

2022 /2023 оқу жылына ауыстыру
Мұрағатқа өткізу

Жою

Кесте

Сынып қызметкерлері



Абдрахманова Гүльмира Алибекқызы
Сынып жетекшісі



Андреев Владислав
Психолог

Егер жою кезінде оқушылар, сабақ кестесі немесе КТЖ (күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау) секілді сыныпқа қатысты қандай да бір ақпарат жойылмаса, жүйе келесі ескертуді шығарады:



Онымен байланысқан ақпараттары (оқушылар, кестелер, сабақтар, үй тапсырмалары немесе бағалар) бар сыныптарды жоюға болмайды. Алдымен ақпаратты жойыңыз.

Назар аударыңыз! Егер сынып оқу жылының ортасында жабылған болса, сыныпта бұрын қабылданған оқушылардың үлгерім деректерін жоғалтпау үшін сыныпты мұрағатқа өткізу ұсынылады. Бұл жағдайда кестені сабақ тоқтатылған сәттен бастап жою қажет.

Толығырақ: [Сыныптарды жаңа оқу жылына ауыстыру. Сыныптарды өңдеу](#)